## "Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 27 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 239 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 27 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасында:

"1. Тірек іс-шаралар" деген бөлімде:

реттік нөмірі 3-жол алып тасталсын;

"2. Жаңа бастамалар" деген бөлімде:

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **15** | **Жастардың стартап қозғалысын дамыту** | **АҚДМ-ге ақпарат** | **ЦДИАӨМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)** | **2019 жылғы желтоқсан** | **талап етілмейді** | **-** | **әзірленген стартап жобалардың саны** |

";

"3. Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қолдау" деген бөлімде:

реттік нөмірі 38 және 39-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 38 | Жастар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға | грант | АҚДМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың | 2019-2020 жылдар | 2019 жылы 17 815 мың теңге, 2020 жылы 18 710 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және | жастарды іс-шаралармен қамту |
| | бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу | | әкімдіктері | | | отбасы саясатын іске асыру" | қамту – 500 адам |
| | | | | | 2019 жылы 24 563 мың | РБ 007 "Мемлекеттік | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 39 | Инновациялық жобалардың фестиваль-көрмесін өткізуді ұйымдастыру | инновациялық жобалардың фестиваль-көрмесін өткізу | АҚДМ | 2019-2020 жылдар | теңге, 2020 жылы 24 182 мың теңге | жастар және отбасы саясатын іске асыру" | қатысушылар саны – кемінде 500 адам |

";

реттік нөмірі 45-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 45 | Жастардың өзін-өзі басқару органдары жүйесін дамыту | іс-шаралар | АҚДМ | 2019-2020 жылдар | 2019 жылы 26 939 мың теңге, 2020 жылы 26 896 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | оқытылған жастар саны – кемінде 500 адам |

";

реттік нөмірі 51 және 52-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 51 | Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шаралар өткізу | іс-шаралар өткізу | АҚДМ | 2019-2020 жылдар | 2019 жылы 5 235 мың теңге, 2020 жылы 5 528 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | қатысушылар саны – 100 адам |
| 52 | Этномәдени бірлестіктердің белсенді қатысуымен жастар арасында әлеуметтік бірлік мәдениетін дамыту | іс-шаралар өткізу | АҚДМ | 2019-2020 жылдар | 2019 жылы 11 887 мың теңге, 2020 жылы 11 995 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | қатысушылар саны – 200 адам |

";

реттік нөмірі 54-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 54 | Абайдың 175 жылдығына арналған "Мүшайра" жас ақындардың республикалық конкурсын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу | іс-шаралар өткізу | АҚДМ, "Nur Otan" партиясы (келісу бойынша) | 2020 жыл ішінде | 24 696 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | қатысушылар саны – 100 адам |

";

реттік нөмірі 58-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 58 | Ауылдық және қалалық жерлердегі балалар мен жастар үшін адам құқықтары, анти-буллинг бойынша семинарлар сериясын өткізу | білім беру курсы | АҚДМ | 2019-2020 жылдар | 2019 жылы 15 000 мың теңге, 2020 жылы 14 597 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | оқушылардың бойында құқыққа және заңды мінез-құлыққа құрметпен қарауды қалыптастыру, оқушылардың өз құқықтарын түсінуі |

";

реттік нөмірі 65-жол алып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *А. Мамин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК